



АСТАНА АКШАМЫ

Журналистика ӘНЕР МЕ, ЖОҚ ӘЛДЕ КӘСІП ПЕ?



Газет 1990 жылғы
шаптамасынан бастап шығады

Жанат ЕЛШІБЕК,
“Егемен Қазақстан”
газетінің жауапты
хатшысы:

— Жанрлық жағынан түрлөн түсінген журналистиканың ең алдымен жеделдігі мен ұшқырлығы, батылдығы мен пайымдылығы жаңа биіктеге көтерілгенің айдай анық. Кеңестік қатып-семген қасандықтың сапасы мен мазмұнына түрен салған шідерден босаған журналистің қаламының ұшына соңғы он жылда ілінбекен тақырып жоқ. Әрине, сірескен сур мұзды қақыратып сөгу оңай емес. Бұл орайдағы бөгесіндердің біразын тізбелеп көрейікші: жалған жоспарлар мен даурықпа цифrlардың астарына үңіліп, ауданнан бастап, облыстық деңгейдегі шыбықтимес шенеуніктердің аты-жөндерін жалғаның жарығына әйгілеп шығару, қупия “нысандардың” ішіндегі жасырын құжаттарды “сейлету” журналист ағайындарға оңай болмады-ау?!

Жалпы сенсация қуалаушылықпен бастаған үлкендерінде кішілі басылымдар өздері қызықтан “іірімге” түсіп жоғалып кетпей, сараптамалық, талдамалық, танымдық материалдарды үңгіп, тереңдеп, біліп жазуды менгеруге тұра келді. Жеке-жеке тақырыптарға (экономика, зан, құқық, әлеуметтік, әдеп, т.б.) бейімделу кезеңдерін бастап өткізуде. Сондықтан да журналистиканы қасіп демеске шараң жоқ. Бірақ, жоғарыда мегзеген талап пен міндет жүргі аса зілмауыр. Қалқып жазу, орынсыз қызыл сөз безеу уақыттың соңынан ілесе алмай қалғаның әрқайсымыздың ішіміз сезсе керек. Күні кешегі “журналисті қаламы асырайды” дейтін қағиданы бүгін ойланбай айта алмайсыз. Өйткені, қазір не көп? Газет-журнал көп. Түрлі телеарналар көп. “Журналист кадрлары жетіспейді” тәрізді уәжді жиі естисіз. Шын мәнісінде солай ма? Ойланып қаларыңыз сөзсіз.

Бұл ретте сезіннің сөлі, дерегіннің дәні, сезбен сыйған суретіннің сәні, айтқан сыныңың азуы, ең акыры, материалының /мейлі хабар болсын/ тақырыбына шейін жұтынып, елеңдетіп тұруы абыз. Ол үшін, сөз жоқ, іздену керек. Ал ізденістің негізі жан-жақты білімділік. Бұл екеуін мен журналистиң қос қанаты дер едім. Сынар, немесе сынық қанатпен самғай алмайсыз. Сондықтан да “бүкіл журналистік ғұмырым бас мақала жазумен, текке өтіпті” деп өкінген белгілі журналистика ардагерлерінің өкінішін қайталамасақ екен.